

**"Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 98 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 сәуірде № 27715 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 23 қазандағы № 120 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 23.10.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 12-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7771 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасының 4, 12, 15, 16 және 22 қатарлары мынадай редакцияда жазылсын:

4	Ювенильді идиопатиялық артрит (балалардағы )	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Аурудың полиартритикалық формасы мен жүйелер бойынша зақымдану клиникалық белгілерінің болуы, этиотропты генді-инженерлік биологиялық дәрілік препаратты ем ретінде қолдану	- Адалимуаб, инъекцияға арналған ерітінді; - Инфликсимаб, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат; флакон
---	--	------------------------------------	---	---

12	Көптік миелома	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Патогенетикалық, Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	- Иксазомиб капсула.
15	Дюшенн бұлшықет дистрофиясы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Патогенетикалық, Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	- Дефлазакорт таблетка; - Левокарнитин ішуге арналған ерітінді, инъекцияға арналған ерітінді.
16	Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі терминалдық сатысы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Жасанды қоректік сұйықтық өмір сүру ұзақтығын ұзартады	Нутрикомп Дринк ренал-ванильді-200 грамм-1 құты; Нутриком стандарт-500,0 мл (0,5-л, энтеральді қоректендіруге арналған жүйе)
22	Ж ұ л ы н бұлшықетінің атрофиясы	Диспансерлік есепте тұрған балалар	I, II типті	- Нусинерсен 12 мг/5 мл

аталған шешімнің қосымшасы 24 және 25, 26 қатарлармен толықтырылсын:

24	Жүйелі қызыл жегі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	Ритуксимаб көктамыр ішіне инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат флакон
25	Амиотрофиялық бүйірлік склероз			Рилузол қабықпен қапталған таблетка
26	Гепатоцеллюлярлық карцинома	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	-Атезолизумаб, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат флакон

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы*

*Н. Байкадамов*